

## ШАҒЫН ЖАНР ТАБИҒАТЫ

*(Теңізбай Рахымжанов шығармалары негізінде)*

Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алған Теңізбай Нәбиұлы бүгінде жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде танымал. Сонымен бірге ол оншақты жыл ұлттық әдебиеттің қарашаңырағы ретінде Одаққа белгілі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғылыми қызметкер болды (1971-1981). Ғылыми зерттеу институтында жүріп ғылыммен айналысып, алғашында кандидаттық, кейін докторлық диссертация қорғап, қазақ романдарының поэтикасын зерттеді. Қаламгер қаламынан туған туындыларға қарап отырып, оның шығармашылығының дені осы шаңырақта жүргенде жазылғанына куә болдық.

Бұл жылдары оның «Күн тамшысы» (1973), «Алтын керуен» (1980) тәрізді жыр жинақтары мен «Оралу» (1984), «Туысқандар» (1984), «Көгілдір тырналар» (1988) сынды әңгімелер мен повестерінің жинағы жарық көрді. Сонымен бірге ол қазақстандық орыс ақыны Валерий Антоновтың бірсыпыра өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті. 2014 жылы «Жыр маржаны» атты 10 томдық қазақ поэзиясының антологиясының V томына ақынның таңдаулы өлеңдері енсе, «Сарыарқа кітапханасы» сериясымен шыққан жинаққа «Жел өтіндегі ұя», «Күй аты – Дайрабай» тәрізді повестері берілді.

Көріп отырғанымыздай, көптеген қаламгерлер тәрізді Т.Рахымжанов та әдебиетке алғашқы қадамын поэзиямен басты. Теңізбай Нәбиұлының балалық шағы соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жылдарымен тұспа-тұс келді. Ол да өз замандастары тәрізді тұралаған елдің ауыр тұрмысын көріп өсті. Сол бір ауыр жылдардың көрінісі ақын шығармаларынан орын алды. Мәселен «Ине» деген өлеңіндегі отағасы Ұлы Отан соғысына аттанғанда артында қалған алты баласын қолындағы тебен инесімен асыраған, оларды жеткізген ана бейнесін сол жылдардағы күллі қазақ аналарының жиынтық бейнесі ретінде қабылдауға негіз бар:

Жоқ болған соң сипайтұғын алақан,  
Жетімсіреп алты бірдей балапан...  
Соғыс жылы инесімен асырап,  
Алты өмір сөніп барып дүр еткен [1].

Ер азаматтың бәрі елді жаудан қорғауға майданға аттанғанда тылдағы ауыр жүкті әйел-аналар мен бұғанасы қатпаған балалардың көтергені тарихтан мәлім. Ел өміріндегі осы бір ауыр кезең әдебиетте жеткілікті

дәрежеде бейнеленгені анық. Ақынның «Жеңеше» атты өлеңі ұлттық поэзиядағы осы қатарды толықтыратын туынды. Лирикалық кейіпкер жыл он екі ай бір тынбай қой бағып, пішен шауып апталдай азаматтардың міндеттерін атқарған нәзік жанды жеңешесінің еңбегін жоғары дәріптеп, оның ерен еңбегін:

... Оралды ағам қарашада,  
Аяғын сылти басып жарақаттан...  
Ер солдат басын иді жеңешеме,  
Көтерген нардың жүгін иығында, – деп нанымды бейнеледі.

Ел өміріндегі ауыр тұрмысты көріп өскен ақын шығармаларынан мәңгілік тақырыптың бірі, жастық жалынның жарқын көрінісі махаббат тақырыбының орын алуы орынды. Оның «Қағілез, қараторы, қаршадай қыз», «Гүлдей нәзік, әндей әсем – Дидар қыз» атты өлеңдерін махаббат лирикасына жатқызуға негіз бар. Мәселен, ауылдағы қараторы қызды көзіне басып жүрген бозбаланың ол бойжетіп, ұзатылып кеткен кездегі көңіл-күйі төмендегіше бейнеленген:

Құлазып ауыл көшіп, ел кеткендей,  
Ақ көлден аққу мен қаз, шу кеткендей,  
Бұтақтан бұлың етіп бұлбұл ұшып,  
Басылды бала көңілім су сепкендей [2, 325].

Қыздарға көз салып, жан-жағына қарай бастаған балаң жігіт келе-келе азулы қасқырға айналғандай болады. Оны ақынның «Азулы, көкжал бөрімін» деген өлеңі растайды:

Азулы, көкжал бөрімін,  
Жалғыздық – жолдас, серігім.  
Көк түркінің – құдайы,  
Ізбасары шерінің... [2, 327].

...Қозыны, лақты талғамай,  
Қылғытам кейде шайнамай.  
Нарынды еткен қан-жоса,  
Азу тісім балғадай...

Азулы, көкжал бөрімін,  
Жалғыздық – жолдас, серігім.  
Көк түркідей тектімін,  
Үміттің отын көп үрлеп,  
Жоғалтпаған сенімін [2. 328].

Ақын «Азулы, көкжал бөрімін» деген тіркеске көңіл аудара білген. Ондағы мақсат көк түркінің атасы көк бөрі болса, оның бүгінгі ұрпағы да оңай емес дегенге саяды. Сыршыл лирикадан өршілдік рухқа ауысқан ақын жырларының көркемдік кестесі де талапқа сай әдемі өрнектермен қиюласқан.

«Япыр-ай, мына көктем» өлеңіндегі:

Көк сағым көз ұшында діріл қағып,  
Күнгедей күлімдейді гүл ырғалып,  
Бүр жарған ақ қайыңның  
Балтырынан –  
Барады таңғы шықтай – жұлдыз ағып [2, 324].

Тау мүлгіп,  
Аспанда күн күлімсіреп,  
Салғандай зергер – көктем сұлу сурет [2, 324], –

деген жолдардан кейіптеудің әдемі үлгілерін көруге негіз бар.

Т.Рахымжановтың қаламынан туған прозалық шығармаларды да өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады. Жазушының «Қыран қия» әңгімесі Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры», О.Бөкеевтің «Терісаққан», «Бура», «Қамшыгер», «Кербұғы» тәрізді әңгімелерінің қатарынан орын алады. Өмір, болмыс, тағдыр жайлы сыр шерткен бұл әңгімелер автор ой-тұжырымдарының қорытынды түйіні іспетті. Әңгімелердегі оқиғалар жазушылардың қоғамдық өмірге, табиғатқа көзқарасы тұрғысынан баяндалған. Олар адам, қоғам жайын су асты балық, көк тәңірі қырандар, кербұғылар өмірі арқылы жеткізе суреттеген. Т.Рахымжановтың «Қыран қия» әңгімесі бұған дейін ұлттық әдебиетте бар оқиғаны негіз еткенмен, жазушы оқиғаны өз бетінше дамытып, тосын шешім жасаған. Жазушы тастүлектің өмірі арқылы «Қыран баласы жүре озатыны, ит баласы жүре азатыны» жайында ой түйген. Қырандардың ұясын адам қолы жетпейтін биік жартастарға, қия құздарға салатыны белгілі. Сол секілді мұндағы ұя да биік құздың жалтыр бетіне салынған. Бір ұядағы екі балапанның туа біткеннен екі түрлі болып өсуі «бір анададан ала да, құла да туатынын» ескертсе, қарашегірдің сары үрпек ұяласына көп қорлық көрсететіні оның табиғи болмысын ашуға қызмет етеді. Мұндағы ана қыран да бала бүркіттерін қиядан иығымен қағып жіберіп ұшуға баптайды. Қарашегір көк аспанға қалықтап бір қанат қаққан соң, ұяда отырғысы келмей көкке қарай ұмтыла түссе, сары үрпек балапанның ұядан ұзағысы жоқ. Бұл – өмір заңы, табиғат заңы. Шәуліден туған балапандардың барлығы дерлік қыран болмайтындығы «бес саусақтың бірдей еместігінің» белгісі. Қар басқан елсіз иен тауды жалғыз жайлап үйренген Қарашегір жемтік андыған шұнақ бөрінің күннен-күнге ұсақталып бара жатқанына қатты ызаланады. Жазушы Қарашегірдің тіршілігімен «Ит иесі үшін алса, бүркіт тамағы үшін алатынын» нанымды бейнелеген. Үш күн боранда нәр татпаған Қарашегір күн ашылған соң, шұнақ

бөрінің үстіне түседі. Ашулы, ызалы шұнақ беломыртқадан найзадай қадалған тастүлектен құтыла алмасын білген соң, Қарауылтөбенің басына қарай қашып, қия жартастан секіріп кетеді.

Ертеңіне мал жайып жүрген қарт қойшы тасқа соғылып басы мылжаланған қыранның, белі үзілген қасқырдың өлімтігін тауып алды. «Тастүлектің үшкір топшысын, бұлшық етті санын ұстап, құйрық қауырсындарын санап шықты. Қауырсындары он үш екен. Сонда ол: «Әттең, дүние, нағыз алғыр қыран екен ғой, – деп басын шайқады. Содан кейін жер үстіндегі қасиетсіздікке, арсыздыққа, қорқаулыққа қарсы атылған садақтың оғындай басы үп-үшкір қия жартасқа, тас-түлек опат болған қыран қиясына қарап, ұзақ тұрды. Етегінде тұрып, жақыннан қарағанда, қыран қиясы қомданып, ұшқалы тұрған бүркітке ұқсайды екен» [3.199], – деп аяқталады әңгіме.

Әңгімені оқып отырғанда өмір үшін күрескен жандардың тіршілігі мен бәрін өз бауырына басып, жекеменшіктеп үйренген тойымсыздардың қылығы көз алдымызға елестейді. Осындағы жас бүркіт пен кәрі бөрінің өмір үшін күресі өмір мен өлім, қоғам мен адам жайындағы философиялық ойларға жетелейді. Жазушылар жоғарыда аталған символдық әңгімелерінде жан-жануарлар, құстар өмірін бейнелеу арқылы адамзат баласының тыныс-тіршілігіне назар аударған. Себебі, жас пен кәрі арасындағы текетірес, өмір үшін күрес, билік жолындағы жанталас, дүниеге талас – екіаяқты пенделер арасында ғұмыр бойы жүріп жататын күрестің түрлері. Осылайша жазушылар ашкөздікті, тойымсыздықты, жан-жануарлар тіршілігі арқылы әшкере етті. Символмен бейнеленген философиялық бұл туындылар әңгіме жанрын мазмұны мен түрі жағынан байытқанын баса айтқанымыз жөн.

Жазушының «Әке көңілі» әңгімесі – «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» екенін жекелеген кейіпкерлер тағдыры арқылы шынайы бейнелеген туынды. Жалғыз баласы Москва түбіндегі шайқаста хабарсыз кеткен Құтжан ақсақал көршісі Сейіттің баласын бауырына басып өсіреді. Пошташы Құтжанның көршісі Сейіттің артынан келген қара қағазды жары Ажарға бермей қалтасында сақтауы – аяғы ауыр жанның жүрегіне жара салмау үшін істеген ісі екенін байқатса, Ажардың бала үстінде қаза табуы – Ұлы Отан соғысы жылдарында қыз-келіншектердің тылдағы ер азаматтардың жүгін көтергенінің мысалы.

Осы әңгімеге негіз болған Ақанның бәсіресі Ақжал ат туралы оқиға қазақ әдебиетінде бұған дейін жазылған. Дегенмен жазушы осы эпизодты қазақтың бәсіре деген ұлттық ғұрпына көңіл аудару үшін алған тәрізді. «Неге екенін кім білсін, Ақан бәсіресіне мініп, ауылға жеңіспен оралатын сияқты көрінуші еді», – деген жолдар қазақ халқының наным-сенімін толықтыра түскен.

«Боранды түнде» дәстүрлі үлгіде жазылған әлеуметтік әңгімелер қатарын толықтырады. Жазушының өз кейіпкерлерінің бейнесін типтік дәрежеге көтере білгенін Нұртай, Иса және ауыл кемпірлері растайды. Екі күрек тісі түсіп қалған, әлжуаз сары бала Исаның Нұртайға күшігін сатып,

артынан қайта дауласып жүретіні ауыл балаларының психологиясын, тыныс-тіршілігін көрсетсе, кемпірлердің әңгімелері «От ала келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар» деген халық даналығына жан бітірген.

Жазушының келесі әңгімелері зиялы қауым өкілдері туралы. Интеллигенция өмірі ұлттық әдебиетте біршама игерілгені белгілі. Олардың қатарында Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», М.Әуезовтің «Оқыған азамат» шығармаларынан бастап Н.Ғабдуллин, М.Дүйсенов, М.Мағауиндердің прозалық әңгімелерін еске алсақ та жетіп жатыр. Н.Ғабдуллин, М.Дүйсенов, М.Мағауиндердің шығармаларына тіл мен әдебиет және тарих ғылымдарының төңірегіндегі ғылыми кадрлар мен ғылымның жайы негіз болса, Т.Рахымжанов химия ғылымына қатысты оқиғаны таңдап алған. Сондықтан, оның «Тойтарқар» әңгімесі осы қатарды және бір қырынан толықтырады. Әңгіменің оқиғасы жасы отыздан асқан, Ғылым академиясының кіші ғылыми қызметкері Алуа төңірегінде өрбіп отырады. Оқиға химия институтының лабораториясындағы жарылыстан басталады. Біз зерттеу жұмысының нәтижесін көрсетіп, ғылымға жаңалық қоспақ болған Алуаның жетінші рет жарылыс жасап отырғанына тап боламыз. Әңгімедегі орталық кейіпкердің бірі – Мұса Ералиев. Алуа ғылыми жұмыспен айналысамын деп жүріп, жасы өтіңкіреп кеткен кәрі қыздардың өкілі болса, Ералиев қоластындағы қызметкерлерін бақа есеппен ұстайтын ғалымдардың ішіндегі залымы. «Мен оларды қызметке аларда, ең алдымен бет ажарына қараймын» дейтін меңгерушінің өз есебі түгел. Талай адам бас қатырған, ешқандай нәтиже бермейтін тақырыппен айналысамын деп жүргенде талай жыл зуылдап өте шыққанын Алуа емізулі баласымен құрбысы үйіне келгенде бір-ақ білгендей болып еді.

Алуаға қаратыла айтылған: – Мәселен, сен ажарлы қызсың. Бірақ сенің әдемілігің басында ақ қар, көк мұз жатқан шың тәрізді асқақ сұлулық, – деді ол. – Ал асқар биіктің бәрі қайратты гомо сапиенсті дәмелендіре шақырып тұрады. Ха-ха-ха!, – деген Ералиевтің сөзі оның бет-бейнесін аша түскен [4.199]. Айшуақтың жаңа пәтеріне келген қонақтарға асаба болып жылпылдап жүрген Ералиев «беті адам, құйрығы шаян» адам ретінде бейнеленген.

– Алуаш, өтінем, – деді жалынғандай. – Жеңгең жоқ, біздің үйге барайық. Шай-пай ішіп, дем алайық», – дейтін бастықтың көкейінде не жатқанын түсінген Алуа мұндай қорлыққа, бейбастыққа шыдамай: – Пасық... нағлый хам!, – деді де, ананың жағынан бір тартты [4. 202].

Әңгімеде шағын оқиға, санаулы кейіпкер арқылы өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның бір шындығы шынайы бейнеленген. Жазушы ғылыми зерттеу жұмысымен айналысудың оңай еместігін Алуаның жеті рет жасаған жарылысына сыйғызса, Ералиев қоластындағы қыз-келіншектерге қырғидай тиісетін еркектердің мысалы. Оның Алуа Мәмбетовнаны Мона Лизаға ұқсататыны, сұлулыққа құштарлығы, ұзақ жыл қорғатпай жүруі – бәрі де бір күнде белгілі болады. Жазушы осы оқиға арқылы ғылыми жетекшіден жолы

болмаған ізденушілердің ғылымда жолы болуы екіталай екендігінен хабар береді.

«Қисық бұтақ» – оқыған, көзі ашық жастарымыздың ұлттық әдет-ғұрыптарды ұмыта бастағанын танытатын әңгіме. Оқиға Ауданбектің Қазақстанның астанасы Алматы қаласында жұмыс істейтін баласына анасы Сақыштың қайтыс болғандығын айтып жеделхат жібергенінен басталады да лирикалық шегініс жасалады. Ауданбектің жеті баласынан екі қыз, бір ұлы аман қалса, бүгінде баласы Кәрібжан отыздан асып барады. Оқиға төмендегіше өрбиді.

Халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны бітірген соң аспирантураға қалған жігіт үйленбек оймен әке-шешесіне хат жазып, ақша сұрайды. Ұлына ашуланған Ауданбек:

– Тұмай жатып, туа шөккір сол иттің баласына – жарық дүниеге әкелген біздің қажетіміз болмай, ақшамыз керек болған екен, – деді әңгірлеп. – Соған ерегескенде бұл жолы қара күріш те салмаймын, – дейді [4. 213-б.]. Бірақ Сақыштың ақылын тыңдап, ашуы басылған соң қалтасын қаражатқа толтырып, ұлының тойына жібереді. Осының өзі – әке-шешенің балаға жамандық ойламайтынының белгісі.

Бірде Ұлы Отан соғысының ардагері Ауданбек түсінде соғыстан алған орден, медальдарын кеудесіне тағып, Ұлы Жеңістің отыз бес жылдығын тойлауға Алматыға келген екенмін дейді. Ығы-жығы адамдардың арасынан жүдеу тартқан баласын көріп, оны таппай, айқайлап жатып оянып кетеді. Бұл түстің тегін еместігін білген ол баласын іздеп, қалаға келеді. Келсе, баласы хан сарайындай үйде тұрып, үйде ас дайындамай мейрамханадан тамақтанады. Өмірінде көрмеген молшылықтың қайдан келіп жатқанына күмәнданған ақсақал баласын тергеуге алса, ол аспирантураны тастап, дөкей қайынатасының ықпалымен қоймашы болып дүниені күреп тауып жүр екен.

Автор Кәрібжанның: – Көке, аспирантураға түсіп, құр бекерге тыраштанған екенмін. Ғылым дегенің бейнеті көп, зейнеті аз нәрсе болып шықты. Сонсоң диссертацияға қолымды біра-ақ сілтеп, сауда қызметіне ауыстым, – деген сөзіне көп мағына сыйғызған [4. 217]. Кейіпкер сөзі «Білім – инемен құдық қазғандай» деген халық даналығын тірілтіп тұр. Жазушы осылайша кейіпкер бейнесін оның сөзі, іс-әрекеті, көзқарасымен толықтыра түскен.

Жазушы Кәрібжанның анасын соңғы сапарға шығарып салуға келмегені арқылы оқырманға ой салған. Қазақы әдет-ғұрыптың жойыла бастауы, жастардың жеңіл жолмен көп олжа табуы, құндылықтардың өзгеруі, рухани құндылықтан материалдық құндылықтың жоғары тұруы тәрізді мәселелердің барлығы да ХХ ғасырдың ғана емес, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің де өзекті мәселесіне айналып отырғаны мәлім. Олай болса, жазушы әңгімелері мәңгілік құндылықтарды насихаттауға шақырып тұрғаны белгілі. Оқырман осы оқиға арқылы Меккеге арқалап апарса да, анасының бір түнгі бесік таянғанын ғана өтейтін перзенттерге ана алдындағы соңғы парызын өтеуге міндетті екенін бағамдаса керек.

«Ат тұяғын тай басар» деген әңгімесінің де өзіндік айтары бар туынды. Оқиға Бәтестің толғағынан басталады. Жазушы екі отбасының тыныс-тіршілігі арқылы сол дәуір шындығына назар аударған. Баубек ақсақалдың жиырма жастағы жалғыз ұлын Ұлы Отан соғысына жіберіп, хабарсыз кеткен баласын 40 жыл күтуі арқылы екінші дүниежүзілік соғыстың талай әулеттерді жоғалтып жібергенінен хабар береді. Ал, түйе балуан атанған Ермекбай мен Бәтестің тоғызыншы баласын күтіп отыруы демографиялық олқылықтың орнын толдықтыруға қызмет етеді. Ермекбайдың дүниеге келген сәбиінің есімін соғыста хабарсыз кеткен Ержанның құрметімен атауы оның үлкенге құрмет жасауын танытса, атқа отырып шауа жөнелгенде оқыс құлап, аяғын екінші рет морт сындыруы жылқышының «аяқ сынса, етік ішінде» деп жүре беретін батырлығын байқатады. Жазушы Ермекбайдың осы ісі арқылы батыр да аңғал қазақ баласының дара болмысын шынайы суреттеуге тырысқан.

Қорыта келгенде, Т.Рахымжанов – поэзия, проза жанрларында бірдей қалам тербеген қаламгер. Оның поэзиясы сыршыл лириканың қатарын толықтырса, прозалық шығармалары шынайылығымен баурайды. Жазушы кейіпкерлері ұлттық характерлерімен ерекшеленеді. Жазушының әңгімелерін оқып отырсаңыз, олардың оқиғалары да, кейіпкерлері де бір-бірінен мүлде алшақ жатқан жандар. Ол шағын әңгімелерінде әртүрлі ортадағы әртүрлі кейіпкерлер тағдыры арқылы өзі өмір сүрген қоғамның түрлі шындығынан сыр шерткен. «Кенже ұл» әңгімесіндегі анасының мәйітін үш күн ұстаса да оның бетіне бір уыс топырақ салуға жарамаған Сағитжан мен оның әкесі Күдербек қария, «Әке көңілі» әңгімесіндегі баласын оқуға шығарып салып тұрған Құтжан ақсақал, «Боранды түнде» әңгімесіндегі шешесінің артынан еріп келіп әжесіне көзтүрткі болып жүрген Нұртай, әлжуаз сары бала Иса, «Ат тұяғын тай басар» әңгімесіндегі түйе балуан Ермекбай, «Тойтарқар» әңгімесіндегі кіші ғылыми қызметкер Алуа, лаборатория меңгерушісі Мұса Ералиевтер бір-біріне ұқсамайтын кейіпкерлер.

## Әдебиеттер

1. Рахымжанов Т. Алтын керуен: Өлеңдер. – Алматы: жазушы, 1980.
2. Жыр маржаны: Қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы, 2014. – V том.
3. Рахымжанов Т. Туысқандар: Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1984. – 200 б.
4. Рахымжанов Т. Көгілдір тырналар: Повесть, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 224 б.